

## **Фразеологизм мағыналарының қалыптасуындағы ұлт менталитетінің рөлі**

Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты тіркестер ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады. Сөз шеберлерінің тіл кестесінен бейнелі сөз тіркестерінің алуан үлгілерін кездестіреміз де, «әрі қысқа, әрі нұсқа» ондай өрнектерді ара-тұра қолданып отырамыз.

Бейнелі сөз орамдарының түп-төркініне үңіліп, неге бұлай айтылғандығына зер салу құр ғана қызықтау емес. Мұндай ізденіс тұрақты тіркес мазмұнын терең түсініп, оларды орынды, дәл, дұрыс қолдануға негіз болады, сондай-ақ септігін тигізеді.

Тіліміздегі фразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілігі негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сондықтан, фразеологизмдер халқымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып табылады. Әр ұлт тіліндегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани мәдени өмірінен хабардар етеді.

Әдетте фразеологиялық мағынаның пайда болуына дәстүрлі тіршілік пен мәдени өмірдің әсері мол. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, қазақи дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады. Фразеологизмдердің туындауына тірек болатын нәрсе – адамдардың күнделікті тіршілігіндегі көріп жүрген дүниедегі заттар, айналасындағы құбылыстар мен көріністер, түрлі жағымды-жағымсыз т.б. әрекеттердің ықпалы.

Олай болса, фразеологизмдердің қалыптасып, даму жолдарын ұлт болмысымен байланыстыра қараудың мәні айырықша. Яғни, ғасырлар бойы тек тұрақты тіркес бойында сақталып қалған ерекше сөз айшықтарын мәдени дерек ретінде қарап, олардың жасалу жолдары мен оның мағынасына, шығу тегіне зер салу, сол арқылы фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған о бастағы еркін тіркес түрлерінің мәнін ашу басты мақсатымыз.

Ата-бабаларымыздың өмірден алған білімі, ой-тұжырымы, тәлім-тәрбиесінен хабар беретін тұрақты тіркестердің ана тіліміздің байлығын тануда алатын орны ерекше. Әсіресе, халықтың салт-дәстүрлер жүйесі қалыптастырған фразеологизмдер ұлттық жан-күй үйлесімінен едәуір хабардар етеді. Оларды фразеологизмдердің мазмұнына қарай, бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Мысалы:

- Халықтың киім кию дағдысына қарай тілде қалған атаулар мен анықтамалар бойынша жасалған фразеологизмдер;
- Наным-сенім негізінде туындаған фразеологизмдер;
- Жаугершілік заманнан сақталған фразеологизмдер;
- қазақ фразеологизмдеріндегі аңыздық, ертегілік сипат

**Халықтың киім кию дағдысына қарай тілде қалған атаулар мен анықтамалар бойынша жасалған фразеологизмдер.**

Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары өте көп. Олар кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде жүздердің ішіндегі рулардың аттарымен де аталған. Мәселен, *арғын тымақ, найман бөрік, қыпшақ тымақ, адай бөрік т.б.* Немесе Қоңырат үлгісі, Арқаның үлгісі т.с.с. Бұлай аталуы киімдердің кендігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығына байланысты.

Мысалы, сырт киімдерден шапан үлгісін алайық. Ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді. Оңтүстік елі өзбек, тәжік, ұйғыр халықтарымен көршілес, көпшілік кәсібі бау бақша өсіріп, егін салу боғандықтан, бұлардың киім үлгісі мен тігілу мәнеріне осы жағдайлардың ықпал еткенін көреміз.

Орта жүздің шапандары, көбінесе, бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ ойма немесе түймелі болып келеді. Өйткені орта жүз қалаға жақын, орыс, татар халықтарымен аралас-құралас отырады [1, 156 б.].

Шапанның ең маңызды қасиеті – адамның әлеуметтік тегін, қоғамдағы қызметін, жасын, отбасылық жағдайын, кәсіптік жұмысын белгілеу, сол туралы хабар беру, сол арқылы адамның қоғамдық ортадағы орнын белгілеу, сондықтан шапанның киім ретіндегі ішкі семантикасы, ішкі сыры тікелей осы екінші функциясымен байланысты. Шапанның өмірде қолданылуы жолдарын да осы қызметі анықтайды.

Осы киім атауларының элементтері негіз болып туындаған көптеген фразеологизмдер бар. Бірақ, олардың құрамында *жең, етек, жаға, киім* деген сөздер ұшырасқанымен олардың беретін мән-мағынасы киім атауларына қатысты болуы шарт емес. Тілімізде мынадай фразеологизмдер кездеседі:

- *жең ұшынан жалғасу*;
- *етек басты*;
- *етек-жеңі шолақ*;
- *етек басты болу*;
- *етегінен ұстады*;
- *етек жеңі кең*;
- *етегін төсек, жеңін жастық ету*;
- *кең қолтық*;
- *үшкілсіз киім т.б.*

Енді осы аталған фразеологизмдердің семантикасы мен этимологиясына талдау жасауға тырысайық. Қазақ ұлтының киім кию мәдениеті, салты туралы жазып зерттеушілер *жең ұшынан жалғасу* тұрақты тіркесіне әр түрлі жорамал айтады. Тілімізде *жең ұшынан жалғасу* фразеологизмі: 1) *астыртын көмек беру*; 2) *ым-жымы бір болып, ауыз жаласты* деген мағыналарда қолданылады. Бұл фразеологизмнің туындауының себептері түрлі вариантта түсіндіріліп жүр. Мәселен, зерттеуші Ә.Хазимова: «Кейде сырт киімнің жеңі ұшына дейін кең тігіледі, ал жеңнің ұшын тар тігеді. Мұндай жеңі бар адам керекті заттарын салып жүрген деседі. *Жең ұшынан жалғасу* осыдан шығады десе, енді бірі еңбек етпейтін үстем тап өкілдерінің сырт киімдерінің жеңі ұзын. Қазақ тілінде жасырын істі білдіретін «*жең ұшынан жалғасу*» деген тұрақты тіркесі осындай ұзын жеңді шапан киетін үстем тап өкілдерінің жұмысқа іс-әрекетін сипаттайтындығын тілге тиек етеді» [2, 11 б.],

*Етек басты, етек басты болу, етегінен ұстады* сияқты фразеологизмдердің шығуы осындай деректермен байланысты.

Діни адамдар, ғұлама, ғалым адамдардың шапанының етегі, жеңі кең болып, мол болып пішіледі. Қазақ тілінде сондықтан осындай рухани дүниесі бай, ақ жүректі, иманды, Құдайға жақын адамдарға қатысты «*етек-жеңі кең*» адам, «*кең қолтық*» адам деген тіркестер қалыптасқан [3, 4 б.].

Жоғарыда айтылған фразеологизмдердің мән-мағынасы контекст ішінде анық, нақты көрінеді. Мысалы:

- 1) *Қошқар болар тоқтының маңдай тері дөң болар,*

*Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар (мақал).*

2) Әйтпесе, **етек-жеңі кең**, жеті-сегіз баланың анасы, бәйбіше боп отыратын дария жан емеспін (М.Сүндетов).

3) Тек көп қонақтың ішіндегі кедей күйін жақсы түсінетін есті-басты адамдар ғана Сейіттің сырын аңдап, **жең ұшынан жалғасып**, азды-көпті көмек етіп жүр (М.Әуезов).

4) Екеуіңе анық серттесіп айтар сөзім: **жең ұшынан жалғасып**, дүниеге сатылып жүрмеңдер, - деді Абай Жиренше мен Оразбайға (М.Әуезов)

Келтірілген бірінші, екінші сөйлемдегі *етек-жеңі кең* фразеологизмі ақ көңіл, пейілі кең, жомарт адамға қатысты айтылып жүр. Сондай-ақ, тілімізде *етек-жеңі шолақ* тұрақты тіркесі де бар. Бұл фразеологизм *қолы қысқа* деген мәнде қолданылады.

Үшінші сөйлемдегі *жең-ұшынан жалғасу* фразеологизмі «көмек көрсету» мағынасын білдірсе, төртінші мысалдағы *жең-ұшынан жалғасу* тұрақты тіркесі «ым-жымдарың бір болмасын» деген ескерту мәнінде түсіндіріліп тұр.

Тілімізде киімге қатысты тағы бір мән-мағынасын түсіндіруді қажет ететін фразеологизм ұшырасады. Ол – *үшкілсіз киім* тұрақты тіркесі. Мысалы:

*Бірінші тілек тілеңіз*

*Бір Аллаға жазбасқа.*

*Екінші тілек тілеңіз*

*Ер шұғыл насық залымның*

*Тіліне еріп азбасқа.*

*Үшінші тілек тілеңіз*

***Үшкілсіз киім*** кимеске (Бұхар жырау).

Сонда қазақ халқында киімнің ***үшкілсіз киім*** деген түрі де болған ғой. Қазақ шапандары түймесіз, тек белін буып жүргенде жеңі кең, ал қолын жоғары көтергенде, жұмыс істегенде бөгет болмау үшін қолтық астынан *үшкіл* деп аталатын үшбұрышты қиық қосып тігіледі. Бірақ, Бұқар өлеңіндегі тілек мағынасында *үшкілсіз киім* басқа мағынада түсіндіріледі. Мұнда

үшкілсіз киім сал ауыруымен ауырған, қозғалмай жатып қалған адамға кигізілетін сырт киім мәнінде айтылған.

### **Наным-сенім негізінде туындаған фразеологизмдер**

Профессор Г.Н.Смағұлова: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [4, 148 б.], - деген пікір айтады. Шындығында, әр ұлттың, әр халықтың өзінің салт-дәстүрі, наным-сенімі, ырым-тыйым яғни оның ұлттық болмысын танытатын бай мұралары бар. Ерте заманнан ата-бабаларымыз от пен суға, табиғат құбылыстарына, сондай-ақ Көк бөріге табынған.

Тіліміздегі тұрақты тіркестердің мазмұны мен қалыптасуы, шығу төркініне назар аударсақ халқымыздың наным-сенімінің бір көрінісін аңғаруға болады. Мысалы, қазақ тілінде **қанын судай ағызу** тұрақты тіркесі бар. Мағынасы – *қырып-жою, қырғынға ұшырату, өлтіру*.

**Қаның судай ақты,**

*Сүйегің таудай жатты.*

*Бек ұлдарың құл болды,*

*Пәк қыздарың күң болды (Күлтегін жсырынан).*

Жалпы бұл тіркес қанның сұйықтығы жағынан суға ұқсастығынан тууы да мүмкін. Сонымен қатар осы фразеологизмнің шығу тегін наным-сеніммен де байланыстырып қарауға болады. Яғни, халық салтындағы жауын шақыру ғұрпының түрі – тасаттықпен байланысты. Тасаттық жасап, құрбандық шалғанда малды бауыздап, қолма-қол қаны суға ағызылған. Ол – су тәңірісіне жасалған ірі ілтипат белгісі. Сондай-ақ тілімізде **құрбан шалу** діни фразеологизмі бар. Бұл тұрақты тіркес *Аруақты атап мал сойды* деген мәнде түсіндіріледі.

- *Маған сатшы, әжеме құрбан шалдырайын (Б.Майлин).*

*Мұхамметті білмей тұрғанда да Алла мен Тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне де сенді, Пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты (Ш.Уәлиханов).*

**Құрбан шалу** діни фразеологизмі алдыңғы (қанын судай ағызу) фразеологизімімен ұштасып жатқандай. Бұл да халықтың нанымынан туындаған тұрақты тіркес. Себебі, халқымыздың түсінігі бойынша қайтыс болған адамның Аруағы разы болу үшін Құрбан айт мейрамында құрбан шалу дәстүрге айналған. Бұл қазіргі күнге дейін өз жалғасын тапты.

Қазақ тілінде «қуану» мағынасын әсерлі етіп жеткізуде қолданылатын *алтын тапқандай қуану, әйелі ұл тапқандай қуану, әкесі базардан келгендей қуану, бойын қуаныш билеу, бөркін аспанға ату, екі езуі құлағына жету, жерден жеті қоян тапқандай, жүрегі атиша тулау, көзі шарадай жану, көңілі атиша тулау, көңілі судай тасу, өлгені тіріліп, өшкені жану, төбесі көкке екі елі жетпеу /тимей қалу/, тұла бойы алып ұшу* сияқты фразеологизмдердің ішінде наным-сенім негізінде туындаған **жерден жеті қоян тапқандай** деген тұрақты тіркесінің қалыптасу мотивіне үңілсек, оның мәні түркі тілдес алтайлықтар тілінде жатса керек. Оларда бас сүйегі бүтін өлген қоянды, тіпті болмаса, тек оның бас сүйегін тауып алудың өзі бақыт деп аталады. Ол баланың дүниеге келу рәсімімен байланысты деген сенім бар. Осындай бас сүйекті тауып алған үй иесі оны беліне байлап жүрген. Ал балалар саны жеткілікті шақта, оны қадірлеп, сандыққа салып сақтаған. «Бақыт» күші оны тауып алған адамның үй-ішіне ғана емес, оның малына құт әкеледі деп сенген. Яғни, қоянды береке, молшылықтың символы ретінде таныған. Сонда, жерден бір қоянның басы түгіл жеті қоянның өзін тауып алғандай қуаныш деген астар жатыр [3, 17 б.].

Алтайлықтар мен қазақтардың арасындағы қоян туралы түсініктерінің жақындығы қуану мағынасын беретін «жерден жеті қоян тапқандай» деген тұрақты тіркестердің қалыптасуында жатса керек.

Кез келген тұрақты тіркестің еркін тіркестің негізінде қалыптасатынын ескерсек, **«топырақ шашу»** фразеологизмі де о баста тура мағынасында қолданылған. Мысалы: *Желаяқ қолына бір уыс топырақ алды да, кемпірдің алдынан өте беріп топырақты көзіне шашып жіберді (Қазақ ертегілері, 2 т, 10-б.)*

Уақыт өтіп, даму барысында **«топырақ шашу»** еркін тіркесі мағынасы өзгеріп, тұрақты тіркеске айналған. Сондықтан, қазір бұл тіркес көбіне *біреуге өтірік жала жабу, қаралау* мәнінде қолданылады. Бұл тіркесті Б.Әбілқасымов халықтың ежелгі әдет-ғұрпымен байланыстыра түсіндіреді. Мәселен, мал иесі қасқыр жоламас үшін бір уыс топырақты алып, үш қайтара арбап оқитын да қораны айналдыра әлгі топырақты шашатын. Бұдан соң қасқыр қораға кіре алмайды деп сенетін. Яғни, топырақ шашу рәсімі арқылы кімді болса да, өзінен аластатуға болады деген наным халық сенімінде үлкен орын алған. Мәселен, тарихи себептерге байланысты ұлт жақсылары кезінде халық тарихынан аластатылып, әдейі көмескілендірді. Бұл туралы былай суреттеледі: *Сөйтіп, Кенесары аруағына қырық жыл бойы топырақ шаштық (Хан Кене, 253 б.)*.

Қазақтардың ғасырлар бойы бақсы-балгерлерге деген халықтың наным сенімі ұзақ уақыт сақталды. Ашулану ұғымында айтылатын **жыны ұстау (ойнау), (келу), (қозу), жынын шақыру, жынына тию, жынына міну, жынын**

*бұған бақсыдай, бұліну (күйіп-пісу)* сияқты мағыналас фразеологизмдер бар. Бұларға қосымша түрлі мағыналық ренге айтылатын *жын ойнағы* – астан-кестені шыққан, ойын - сауықты орта, *жынын қағу* – желігін басу, *жынынан айырылған бақсыдай* – беті қайту, не істерін білмеу, т.б. фразеологиялық тіркестер кездеседі және актив қолданысқа ие.

- *Осы сенің мен дегенде қозатын жының бар ма? (О.Бөкеев. I – 149).*

- *Әй жын қағып кетті ме баланы неге ұрдың? – деді әйелі түкке түсінбей (Д.Исабеков. 2 – 394).*

- *Жыным келді-ау, терісін басына қаптап, үйден қуып шығайын деп ойладым да, қайта айныдым (О.Бөкеев. I – 158).*

- *Пенденің басына қиыншылық іс түскенде, бойындағы барлық қадір қасиеттері біртіндеп сөніп, жынын алған бақсыдай, өз-өзінен жүдеп жүні жығылары бар (О.Бөкеев. I – 149).*

Бұл тұрақты тіркестердің осы күнге дейін тілімізде ұзақ сақталып келген себебі бір кездердегі көпшілік алдындағы көріністен ситуациядан туған. Санада ұзақ қалып қойған «бақсылардың ойынының» былайғы жұрттың эмоциясына қатты әсер етуінен.

Көшпелі халықтар ерте заманнан Тәңірге сиынды. Ал бақсылар Тәңірді аспанда деп түсінгендіктен, жындарын көкке қарап шақыратын болған. Бақсылық өнердің негізгі қағидасы бойынша әр нәрсенің өз иесі бар деп түсінеді. Тәңірге жалбарыну Түркі-Монғол тайпаларына ортақ құбылыс екендігі, кейбір түркі монғол тектес тайпаларда күні бүгінге дейін жеткен тәңірге сиыну қалдықтары бар.

Бақсылар жын шақырып ойнайды. Мұны «бақсы ойыны» деп атайды. Бақсылардың ерекше мінез қылықтары болды. «Ойыннан» кейін бақсылар шаршап, құр сілдері қалды. Соған қарап, «жынын алдырған бақсыдай» деген тіркес қалыптасса, ал жын шақыру кезіндегі жыны жиналғанда бақсылардың тағатсыз, ашуланғанына қарап, *жыны ұстау, жыны келу, жынын шақыру* сияқты бақсылық өнерінен қалған тіркестер айтыла келе, тұрақтанып, фразеологизмдерге айналған.

### **Жаугершілік заманнан сақталған фразеологизмдер**

Соғыс батырларға кәсіп қана емес, табыс көзі де болған. Көшпелі халықтарда қалыптасқан рәсім бойынша соғыстан түскен олжаның бестен бірі ханға тиесілі де, қалғаны соғысқа қатысқандарға таратылған. Әр жауынгерге атақ-дәрежесіне, көрсеткен ерлігіне қарай олжадан тиісті үлесі бұйырады. Бұл заң қатал сақталып, ешқашан бұзылмаған. Соғыстан кейін олжа бөлісуге үлкен мән беріліп, оның дұрыс өткізілмеуі, не біреудің шет

калуы шатаққа айналып, жауласуға жетуі мүмкін. Соғысқа, жорыққа қатыспағандар олжадан «сауға» сұрап алатын. Зерттеуші К.Ахметжановтың айтуынша: «Сауғаға жеңілген батырдың, тұтқынға түскен адамның бас бостандығын, өмірін сұрап алуға болады. Жеңілген жауынгер кейде өз өмірін де сауғалап алуы мүмкін» [5, 21 б.]. «**Басын сауғалау**» тұрақты тіркесі *жанын аман алып қалудың* синонимі болып табылады.

«Батырдан – сауға, аңшыдан – сыралғы» мақалы да осындай негізде туса керек. Яғни, *бас сауға сұрады* (бас амандығын, құтылуын тіледі мағынасында), *бас сауғалады* (қара басының қамын амандығын ойлап, қаша қорғанды, жеке басын қорғады; басын алып қашты мағынасында) фразеологизмдері «сауға сұрау» дәстүрінің негізінде қалыптасқандығын аңғардық. Бұл тұрақты тіркестердің контексте мәні айқын көрінеді:

*Батыр ашу шақырды,*

*Шық үйден деп сұм шалға,*

*Айбаттанып ақырды.*

*Ақырғанға шыдамай,*

*Баймағамбет сасады.*

***Сауға сұрап басына***

*Жалынып есік ашады (Бес ғасыр жырлайды)*

*- Уа, мына пәледен бас сауға сұраңдар, бас сауға (Ғ.Мүсірепов)*

Келесі бір жаугершілік заманнан қалыптасқан фразеологизм – ***жастығын ала жату*** (есесін жібермей, кегін алды мағынасында). Мысалы:

***Батар күнмен батайын, Бекеженды өлтіріп, тым болмаса, құдай-ай, жастығымды ала жатайын!***

*Қылыш, найза ұстаған жеті әскер үйге кіріп келеді. Наурызбай өлімге басын берік байлаған, тым құрымағанда жастығымды ала жатайын да демейді, қыбыр етіп қозғалмаған күйі отыра берді (Хан Кене).*

Ғалымдар бұл фразеологизмнің жасалуына арқау болған образдың түп негізінде XIII ғ. дейінгі кездегі көшпелілер әлеміндегі адамды жерлеу рәсімі жатыр дейді. Ерте кездердегі монғолдарда бай адам өлсе, оның аяғына жастық етіп сүйікті құлын, ал жаугершілік қолбасы қаза тапса, оның ерлікпен өлген қарсыласын, я болмаса, сол ұрыста қаза тапқан үзеңгілес жолдасын



қолбасының басына жастап бірге жерлейтін салт болғандығын айтады [2,186.]. Осындай болжам, салт негізінде *жастығын ала жату* фразеологизмі туындаған деуге болады.

### **Қазақ фразеологизмдеріндегі ертегілік, аңыздық сипат**

Тіліміздегі тұрақты тіркестер – терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі. Ал кез келген ертегі, аңыз – халықтың арман-мақсаты мұң-мұқтажының, таным түсінігінің көрінісі. Мәселен, ауызекі сөйлеуде жиі қолданылатын *«жер жұту»* тұрақты тіркесінің қазіргі мағынасы – *ұзақ уақытқа жоғалып кету*. Осы фразеологиялық мағынаның қалыптасуына ертегілік оқиға себеп болған.

Басты кейіпкердің ойда-жоқта жер астына түсіп кетіп, айлап, жылдап жүруі – ертегілердің көп бөлігінде кездесетін қалыпты оқиға. Бұл – әлі де болса халықтың жер астында өмір бар деген сенімінің ертедегі көрінісі болса керек.

Тұрақты тіркестердің еркін тіркестер негізінде жасалғандығынан, тілде сол тұрақты тіркестерге сәйкес еркін тіркестерін байқауға болады. Күнделікті қолданыста жиі кездесетін *«бақыт қону»* тұрақты тіркесін алсақ, оның қазіргі беретін мағынасы – *бақытты болу*. Мысалы,

*Міне енді, Бердібек сұмның қанды қолы арқылы Бату ұрпағының бақ құсы ұшып еді, Алтын Орда өзгемізге қалған жоқ па? (І.Есенберлин).*

*Бақыт құсы ұшып жүрген қолға жетпес,*

*Билеуге оны ешкімнің күші жетпес.*

*Қолыңа Құдай айдап бір қондырса,*

*Барам деп мен анаған ұшып кетпес (С.Торайғыров).*

Ал осы тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болған мотивін ертегілердегі сюжеттерден байқауға болады.

*«Біздің патшамыз қайтыс болар алдында жұртын жиып былай деп өсиет айтты. Мен өлген соң сендер патшалықта қаласыңдар, менің арнайы бағып келе жатқан «бақыт құсы» деген құсым бар. Мені жерлегеннен кейін үшінші күні маған бағынышты халық түгел жиналсын, содан соң осы бақыт құсымды аспанға ұшырып жіберіңдер. Бақыт құсым кімнің басына келіп қонса, сол менің орным патша болсын» (Қазақ ертегілері. 3-т.39-б.).*

*«Ханымыз қайтыс болып, соның орнына хан болмай тұр. Ханның дәулет құсын қанша ұшырсақ та бір адамға қонбайды,- дейді бір адам.*

*- Кәне, тағы ұшырып көріңдер – дейді бала. Сонда дәулет құс ұшып баланың басына қонып, бала сол елге хан болады» (Дәулет құс.2-т.78-б.)*

*«Бұл шаһардың ханы өліп иесіз тұр екен. Бұрынғы заманда хан өлгенде дәулет құсын ұшыру елдің салты екен. Бұл шаһардың халқы жиналып дәулет құсын ұшырыпты. Дәулет құсы ұшып, Қара ханға қонады. Жиналған топ оны ақ киізге орап, хан көтеріп шаһарға хан сайлайды» (Қара хан.2-т.109-б.).*

Келтірілген мысалдарға қарап отырсақ, «бақыт құсы» – халық арманының көрінісі. Қазақ халқы үшін қандай да болсын құстың маңызы зор болған. Құс – көне түркі тайпаларының ұғымында көктің (аспан әлемінің) символы. Көкті түркілер тәңірі деп білген. Қазақ ертегілерімен аңыздарында *қарға, бүркіт, алтын құс, самұрық* жайында көп айтылады. Яғни, халқымыздың санасында «бақыт құс» – адамның көмекшісі, қамқоршысы бейнесінде.

Келесі бір тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болған аңыз-ертегілерге тоқталайық. Мәселен, кейбір жерлерде еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында құда болғысы келіп, қыз сұрағанда «жаушылар» негізгі шаруасын айтпай-ақ отырған жерінде көрпеге немесе текемет, кілемге біз шаншып кетеді. Бұл – «Құда болайық» деген өтініш, елшілік хабар. Ал қазір көбінесе *«сырға салу»* немесе *«үкі тағу»* деген тұрақты тіркес қолданады. «Үкінің құс ретінде өте үлкен маңызы, ізгі тілегі, жақсылық күткен жолы бар. Үкінің ұлпа жүнді қауырсыны әсем, көрікті болады. Мұны қазақтар сәндікке, шаттық құрмет жолына пайдаланып келген. Бұрын хан, би, төре батырлар өзара үкілі хат апара жатқан елшіні ешкім бөгемей, қайта ат, азық беріп жәрдемдесетін. Алыс жолға аттанатын жолаушылар өзіне, атына үкі тағып аттанатын. Хатқа үкі қосып беретін себебі «ел, жер тыныштығын үкідей қас қақпай қорғап отырмыз, сендер де сондай болындар деген белгі» [6, 4 б.].

Үкі тағу бір жағы сән болса, екіншіден пәле-жаладан аман сақтасын, қорғап-қолдап жүрсін деген тілек жолын көрсетеді. Үкіні осылай қастерлеген бұрынғы қариялар көзіне жылы ұшыраған, болашағынан үмітті, жақсы келін болады-ау деген үйдің жас қызына оның ата-аналарының рұқсатын алып, үкі тағып құдаласатын салт бар. Үкіні тек қарт әже, не аналар ғана болашақ келін болар қыздың иығына не тақиясына апарып өз қолымен тағады. Қыздың

бетінен сүйіп, батасын береді. Осылай жас қызға үкі тағу «сен менің болашақ келінімсің, үкідей сақ, сәнді болып өс» деген ниетті білдіреді.

Құдалыққа байланысты *«сырға салудың»* өте ертеден келе жатқан дәстүр екенін, біз ертегілік мотивтерден байқаймыз. «Ер Төстік» ертегісінде Ерназардың тоғыз ұлына келіншек іздеуінде осы дәстүр негізі аңғарылады. Яғни, бұл сонау ертеден келе жатқан дәстүр белгісі, әдетте үйінде оң босағада отырған қызы болса, керегедегі түскиізге сырға іліп қоятын.

Сонымен қатар, сырға ат әбзелдеріне де жатады. Ұзатылған қыз ертұрманын жабдықтаған кезде соның жүген сулығына арнайы соғылатын алтын сырға болады. Жүгеннің сулығына таза сом алтын сырға салу – дәулеттілік белгісі. Солай болса да әркім өз шама шарқына қарай жасатады.

Бұл, әрине, сонау ертеден келе жатқан ертегілік мотив, қазақтың салт-дәстүрін зерттеушілердің пікірінше кейіннен құда түсудің басқа да салт – жоралғылары орын алды. Соның бірі құдалықтың белгісі ретінде **қамшы іліп кету**. Қызды көруге келген жігіттің әкесіне қыздың шешесі «Қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді», «Қызымның ұнағаны рас болса, белгі тастап кет» дейді. Жігіт әкесі үйдің төріне қамшысын іліп, «құдалықтың басы болса осы болсын» деп бір жорға ат байлап кететін болған. Ал жігіт шешесі ұнатқан қызына сыйға тарт деп жасап берген үкілі тақия, сырға, сақиналарын жігіт бойжеткен қызға беріп кетеді. Осындай жоралғыдан кейін ол үйдің қызы – «басы бос емес, үкі таққан қыз» атанады. Төрдегі қамшы құда түсу тойы болғанша ілулі тұрады. Қыз әкесі бір, бір жарым жыл жігіт жақтан жаушы келгенше күтеді. Егер осы уақыт ішінде жігіт жақтан еш хабар болмаса, қыз әкесі жігіттің әкесіне **қамшысын кейін қайтарып береді**. Яғни, қамшы тек көлік айдауға арналған құрал ғана емес, құдалықтың да бір белгісі болып табылатыны байқалады.

Қамшы туралы бірнеше мәліметті Қазақ совет энциклопедиясынан да (ҚСЭ) кездестіре аламыз. Жұмсалы орнына қарай ол *ат қамшы, арба қамшы, түйе қамшы, соқа қамшы* деп аталса, өріміне қарай *төрт таспа қамшы, бес таспа қамшы, сегіз өрім қамшы, қырық өрім қамшы, он екі таспа қамшы* деп аталады (ҚСЭ). Қамшының *қырық өрім, қырық сегіз таспа* дейтін түрлері бар. Кей жерлерде *бес таспа* қамшыны *бесқасқа* деп атайды. Қамшының өзек салынған түрлері: *дойыр қамшы, бұзаутіс сары ала қамшы, дырау қамшы*.

Қазақ тілінде «қамшы» сөзінің фразеологиялық парадигмалары тақырыптық семантикалық жағынан әртүрлі. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «қамшы» сөзі 16 тұрақты тіркеске ұйытқы болған:

1. *қамшы боп тиді* – жанына ауыр тиді
2. *қамшы болды* – түрткі болды
3. *қамшыдай қату* -1) арықтау; 2) баптау
4. *қамшы жеу (көру)* – таяқ астына алды
5. *қамшы жұмсау* – сабау, зорлық жасау
6. *қамшы кесті шабан* – аяғын баспайтын, тым құрсау
7. *қамшылар жақ* – «оң жақ» мағынасында
8. *қамшы салмады* – қамшы тигізбей жүріп отыру
9. *қамшы салдыртты* – болдырды, шаршады
10. *қамшы салым жер* – халықтық өлшем. өте жақын
11. *қамшы алып беруге жарамасу* – қолынан ештеңе келмейтін кісі
12. *қамшысынан қан сорғалаған* – қаныпезер, жауыз
13. *қамшысын үйіреді де отырады* – зорлықшыл, озбыр кісі
14. *қамшы сілтесіп келді* – егесіп келді
15. *қамшы үйірді* – қорқытты, күш көрсетті
16. *қамшы тигізбеді* – қамшы тигізбей жүретін жүйрік ат

Ғалым Г.Н.Смағұлованың пікірінше: «Келтірілген фразеологизмдерде қарудың әрекетіне негізделген образдылық бар (номинативті – екі-ақ мысалда: қамшы кесті шабан, қамшылар жақ)» [4, 159 б.].

Сонымен бірге, тілімізде қамшы төңірегінде айтылатын әр түрлі әдет-ғұрыптар, салттық ерекшеліктер де жиі кездеседі. Солардың бірі билер арасында сөз кезегін алу үшін қолданылатын әдіс – **«қамшы тастау»**. Мысалы,

*Сөз астарын түсінген қызба мінезділеу Темір би сөз таластырғысы келіп кетіп, ежелгі дәстүр бойынша, айыр тісті, алтын сыммен оралған тобылғы сапты қамшысын алдына тастай салды.*

*- Ат тұяғы басқан жердің бәрі бірдей шөптей жапырылып жата қалмайды, - деді ол қара сұр беті күреңденіп, - Әбілқайыр ханның да мүйізі шаңырақтай кей батырлары Еділдің ар жағына өткен. Бірақ одан не ұтты? Мойындары ырғайдай, биттері торғайдай боп елдеріне әзер жеткен.*

**Қамшысын енді Оспан алдына тастады.**

*- Атыңның жүйріктішіне тым сене берме? Талдай жүйріктердің де мойнына бұғау салынған. Байқа, Темір би, Жәнібек ханның құрығы Әбілқайырдікінен ұзын болып жүрмесін! (І.Есенберлин).*

Қамшы сөзінің және қамшы түрлерінің ішінде дыр қамшы, дырау қамшы дегеннің мағынасын Н.Уәлиұлы сөз етеді. Ғалым *дыр қамшы* мен *дырау қамшының* мағынасы бірдей екенін тек біріншісі – жалпыхалықтық сипатта, екіншісі – аймақтық қолданыстағы атаулар екенін айта келіп, бұл сөздердің мағынасын *дүре соғу*, *дүре салу* дегендегі *дүре* сөзімен байланыстырады. Мұндағы *дүре* парсының *дүррә* «қамшы» деген сөзі. Тіл-тілде сөздің мағыналық реңін күшейту үшін мән-дес сөздерді қабаттастыра жұмсау тәсілі (плеоназм) кездесіп отырады: *самал жел*, *ыстық аптап*, *балашаға*, *ақ шаңқан* (шаңқан – «ақ» деген сөз) т.б. әуелде осылар тәрізді *дүре қамшы* айтылып, келе дыбыстық өзгерістерге ұшыраған. Сөздің *дүре* деген жіңішке түрі жуан дыбысталатын қамшы сөзімен бір ырғақты айтылу барысында *дырау*, *дыр* болып жуандаған [6, 14 б.].

Қазақ тілінде «*жоны қалың*», «*жоны жұқа*», «*жон терісін сыпыру*», «*жонынан таспа тілу*» деген тұрақты тіркестер бар. ҚТФС-нде «*Жон терісін сыпыру*» фразеологизмнің екі мәні берілген. Бірі - *өлімші етіп сабау*, *азаптау*. Екіншісі - *өлтіре тілдеу*. Мысалы:

*Жақсы келдің зой, тілеуің берсін, осылардың жон терісін сыдырған өлеңдерің бар ма, Абай екеуіңнің? – деді Оспан Дәрменге.*

*Ертең кешке қайта оралам. Егер де, орындамасаң, жон теріңді сыпырам, қашан айтты деме (М.Әуезов)*

Бұл тіркестердің тура мағынасын біз ертегілік мотивтерде жиі кездестіреміз. Мысалы:

*Аждаһаның жон терісін сойып, қалтасына салып, жатып ұйықтап қалады (Қазақ ертегілері, 4-т.). Бала айдаһарды өлтіргеннің белгісі үшін оның жонынан екі тілім таспа алып, қалтасына салып алды (Қазақ ертегілері, 2-т.).*

*Бірақ, аздан соң суға түсіп, жыланның жонынан таспа тіліп алды да, ешкімге сездірместен, орнына келіп жатты (Қазақ ертегілері, 3-т.). Осы мысалдардан көрініп тұрғандай ертегі кейіпкерлері жауды жеңгеннің дәлелі ретінде оның бір дене мүшесін кесіп алады. Мысалы: *Сөйтіп, алпыс дәуді түгел өлтіріп, алпысының алпыс құлақтарын кесіп алып, орамалға түйіп, қалтасына салып алады (Қазақ ертегілері, 2-т.).**

Қазақ тілінде әскери атаулар қатысқан сан алуан мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер бар. Соның бірі *оқ* атауына байланысты, халықтық өлшемдерге қатысты өте жақын қашықтықты білдіретін – «*оқ*

*атым жер»* (өте жақын, тым таяу жер мағынасында), *оқ бойы* (өлшем ұғымы), ал өлімге басын тікті, ажалға нысана етті дегендегі *«оққа байлады»*, оқтан ажал тапты дегенді – *«оққа ұшу»*, сондай-ақ серттесу мағынасында *«оқ тістесу»* сияқты тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы:

1) *Оқ жсететін жерге жақындамады* (Ә.Нұрпейісов)

2) *Жолшыбай «келінімен тілдестірмеймін» деп, Қамысбай Қодарды алдына салып, өзі әдейі оқ бойы жер артта, іркіле жүріп келе жатыр* (М.Әуезов).

*Наурызбайдың жүз жасауылының 95-і қаза тапты, олардың ішінде Кенесарының сүйікті батыры Байтабын да бар еді, ол ұзақ атысып, қатты қарсылық көрсетті, ең соңында оны батпаққа тықсырып, қоршауға алған кезде оққа ұшты* (Хан Кене. 269 б).

Оқ – ертеден бері қолданылып келе жатқан байырғы сөздердің бірі. Бұл сөз көне түрік жазба ескерткіштерінде VIII ғасырдан бастап қолданылады. Оқ сөзінің шығу тарихы жайлы Ғ.Мұсабаев былай деп жазады: «Оқ сөзі о баста тарихқа дейінгі кезеңде түзу ағашқа (ұзын таяқ сияқты ағашқа) айтылған. Сондықтан бричканың астындағы ұзын ағашын да, жалғыз жетегін де оқ деп атаған. Уық та тік ұзын болғасын оқ атанып, бертін келе бірі оқ (мылтықты), екінші уық (киіз үйдің) болып ажыратылған [7, 81 б.].

Осы *оқ* сөзіне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің бірі – **оққа байлау**. Зерттеулерде бұл тіркестердің тіпті терминдік мәнге ие болғаны туралы да айтылады. Шәкәрімнің шежіресінде оққа байлау деп кінәлі адамды жазалаудың бір түрін айтады. Кінәлі адамның екі қатар орналасқан садақшылардың жаңбырдай жауған жебелерінен нар тәуекелге салып, жауынгер атының көмегімен аман-есен құтылуы, не садақ оғынан мерт болуы *оққа байлау* деп аталған. Мәмбетбайдың қызы Мамырды сүйгені үшін Қалқаман батырды Әнет баба сол кездің жарғысы бойынша жазаға (оққа байлауға) бұйырды [8, 5 б.].

Осы оққа қатысты тағы бір тұрақты тіркес – *оқ тістеу (ант етісті, серттесті мағынасында)*. Мысалы:

*Екі батыр айдалада кездесіп, бірін-бірі ала алмаған соң, бізге не жетіспейді десінті де, оқ тістесінті* (Ел аузынан).

Қазақтар ертеде ант бергенде Құран сүю, оқ тістеу, оның істік үшін басына тигізу сияқты әдет ғұрыпты сақтаған. Бұрындары жігіт пен оның қалыңдығы өздерінің махаббатының, ыстық ықыласының беріктігінің белгісі ретінде ант етіп, біріне-бірі орамалға оқ түйіп беретін болған. Сонымен,

тұрақты тіркестердің қалыптасуында ертегілік-аңыздық мотивтер ерекше орын алатыны сөзсіз.

Олай болса, адамдардың алғашқы таным-түсініктері, дүниетанымы, қоршаған ортаны қабылдауы соларға байланысты қалыптасқан фразеологизмдердің бастапқы еркін мағынасын айқындауға мүмкіндік береді. Яғни, бұл – фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болатын ұлттық-мәдени түп деректердің құнды қайнар көзі.

Сарышова Күлдірсін Сейтжанқызы

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, 1 монография, 1 оқу-әдістемелік құрал, 5 оқу-әдістемелік кешен және 30-дан аса ғылыми мақала авторы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғазылхан А. Қазақтардың дүниетанымы. Алматы: 1993. – 125 бет.
2. Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері. //Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. – Алматы, 2001. – 209 бет.
3. Әбілқасымов Б.Телқоңыр: Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклор. – Алматы, 1993. – 176 бет.
4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 бет.
5. Ахметжанов Қ. Қазақы шапан. //Ана тілі. № 10. 1994. – 12 бет.
6. Уәлиұлы Н. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы. – Ұлт тағылымы. – 2000. № 1.
7. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. – Алматы, 1996.
8. Ана тілі. №25. 1997. – 8 бет.